

БҰЙРЫҚ

01.10.2024г.

Өскемен қ.

ПРИКАЗ

№ 347/1

г. Усть-Каменогорск

«Шығыс Жылу» АҚ-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (бұдан әрі- Қағидалар) сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Шығыс Жылу» АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілсін:

1) «Шығыс Жылу» АҚ қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) «Шығыс Жылу» АҚ ұйымдық-басқару қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі 2023 жылғы қыркүйектен 2024 жылғы тамызға дейін айқындалсын.

4. «Шығыс Жылу» АҚ іске асыратын функциялардың санын және оның штат санын ескере отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы бекітілсін:

1) Төраға:

Букатов Асхат Кенжебекович - техникалық директоры;

2) Жұмыс тобының мүшелері:

Заруднев Игорь Валерьевич - жылу энергиясын өндіру департаментінің директоры;

Нургазин Марат Глеубаевич – өндірісті дайындау департаментінің директоры;

Тулепбергенов Даулет Болатбекович – бас бухгалтер.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімі – 2024 жылғы 28 қазанға дейін белгіленсін.

6. Талдау нәтижелері бойынша заң бөлімінің заңгер кеңесшісі Ю. Ю. Коровникова 2024 жылғы 31 қазаннан кешіктірмей бас директорға дайындалсын және ұсынылсын:

1) талдамалық анықтама;

2) анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы ақпарат;

3) оларды жою жөніндегі ұсынымдар;

4) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдардың тізбесі.

7. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс – шаралар жоспарын (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) әзірлесін және Бас директорға бекітуге ұсынсын.

8. Заң бөлімінің бастығы Камзина Ә.Т. талдамалық анықтама мен іс-шаралар жоспары бекітілген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде «Шығыс Жылу» АҚ интернет-ресурсында орналастырылсын.

9. Осы бұйрықтың орындалуына жауапкершілік жұмыс тобының мүшелеріне жүктелсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бас директор




Р. Уразбаев

Қол белгілер:

Заңгер бөлімінің бастығы

Құжаттанушы

Осы бұйрықпен таныстырылды:



Ә. Камзина
О.Фатеева

А. Букатов
И.Заруднев
М.Нургазин

Д. Тулепбергенов
Ю. Коровникова

Орынд.: Камзина Ә.Т.
Ауд.: Окасова М.К.

